

Математика пәнін қашықтықтан оқытуда туындайтын қиындықтар
Асилбекова Нургул Туребеккызы
Математика пәнінің мұғалімі, «Мыңбаев атындағы орта мектебі» КММ

Коронавирус пандемиясына байланысты дүниежүзі бойынша көптеген оқушылар мен студенттер қашықтықтан оқу үрдісіне ауысты. Бұл өз кезегінде жұмыс жасаудың түбегейлі жаңа стилі мен мазмұнына алып келеді. Қашықтықтан оқыту – Интернет желісі ресурстары мен телекоммуникациялық технологиялардың көмегімен іске асырылатын оқытушылар мен оқушылардың бір-бірінен алшақ білім қарым-қатынасына негізделген оқыту түрі. Қашықтықтан оқыту – білім алуды сапалы және қолжетімді қыла алатын жаңа, заманауи технология.

Бәрімізге мәлім болғандай, математика – ғылымдар патшасы. Мектеп аясында осы пән барлық мектеп аясындағы пәндердің ішіндегі негізі болып табылады.

Математиканы қашықтықтан оқыту өзекті болып табылады, ол кең тәжірибелік мағынаға ие болады. Егер де қандай да бір жағдайға байланысты оқушы мектепкегі сабаққа қатыса алмай қалса, ол пәнді өзінше өткен материалды оқи алады, яғни қашықтықтан оқу белгілі бір уақытқа байланбай, бос уақытында сабақ оқуға мүмкіндік береді. Дегенмен, заманауи білім жүйесі дистанционды технологиялардың педагогикалық тәжірибесінің кең енгізілуін талап етеді. Қашықтықтан білім алу нақты өтілетін пәнмен қатар, оқушының компьютерлік, функционалдық сауаттылығын арттыра алады.

Өкінішке орай, 2020 жылдан бастап электронды оқу мен дистанционды технологиялардың қолданылуымен оқуды енгізу қажеттілігіне қарамастан, аталған оқу түрінің нақты және көптеген артықшылықтарымен қатар, оның кемшіліктері туралы, қашықтықтан оқыту кезінде пайда болатын қиыншылықтар туралы да айта кету керек.

Математика пәнін қашықтықтан оқыту тәжірибесі көрсеткендей, бұндай оқу түрінің бірқатар кемшіліктері мен шешілмеген мәселелері бар. Әлі күнге дейін елімізде барлық оқу үрдісін қамтитын онлайн платформа құрылмаған. Мәселен, мұғалімдерге, оқушыларға және олардың ата-аналарына күні-түні «WhatsApp» мессенджерінде «отыруға» тура келеді.

Мұғалімнің қашықтықтан оқыту аясында туындайтын бірқатар қиыншылықтарын қарастырайық:

1. Байланыс.

Қашықтықтан оқу түрінде пайдаланылатын мұғалім мен оқушы арасындағы байланыс синхронды және асинхронды болып екіге бөлінеді.

Синхронды дистанционды оқыту кезінде оқушы мен мұғалім арасындағы байланыс шынайы уақыт режимінде өтеді, яғни online-байланыс орнайды. Мұғалімдердің онлайн-байланыс орнату тәжірибесінің болмауы, әсіресе коронавирус пандемиясына байланысты қысқа мерзім аралығында дәстүрлі оқу түрінен дистанционды оқу түріне өті барысында, мұғалімге өте көп жүктемені қарастырады.

Бұл кезде мұғалім толық көлемде тьютор (тәрбиеші) қызметін атқарады. Көптеген оқушылар өз кезегінде сауатты, лайықты байланыс орнату дағдысына иеленбеген, яғни оқушылардың арасында мәдениетті сөйлеумен қатар, өз ойын толыққанды жеткізе алу проблемалары туындады. Сонымен қатар дәстүрлі форматта оқу алуға үйреніп қалған оқушы апайының дәл қасында тұрып, қадағалап тұрмағаны үшін, өзінің сабақ оқып отырғанын аса жетік түсіне алмады. Соның себебінен онлайн форматта байланыс орнатуға кедергі жасады. Алғашқыда оқудың жаңа түрін олар қызық көрді, ойын көрді.

Ал дистанционды байланыс орнатудың асинхронды түрінде, яғни offline-байланыс, яғни шынайы уақыт аралығында оқушы мен оқытушы арасында онлайн байланысты орната алу мүмкіндігінің болмағаны аясындағы жағдай да ұқсас. Аталмыш мәдениеттің білім алу үрдісінің субъектілерінің арасында болмауы білім беруді азақ тілі мен әдебиетін қайта қарастыруды талап етеді. Математика пәнінің мұғалімдеріне де осы проблемаға көңіл бөлу қажет.

2. Жайлылық.

Дистанционды оқытудың бірден бір артықшылығы болып оның жайлылығын атап көрсетуге болады: өз қалауыңыз бойынша білім алу мүмкіндігі, кез-келген жерде білім алу мүмкіндігі, өз қалауыңыз бойынша білім алу мүмкіндігі, т.б.

Дегенмен, шынайы өмірде расында ол солай ма? Оқытушы немесе оқушы өз үйінде (бөлмесінде) сабақ өтеді. Сабақ өту барысында мазалағыш факторлар жиі орын алады: өзінің жұмысымен айналысып жүрген уй-іші, қосылып тұрған телевизор не болмаса үй жануарлары. Әсіресе, пандемия кезінде тек оқу үрдісі ғана емес, экономикамыздың барлық салалары дистанционды форматқа өту кезеңінде аталмыш проблема өте өзекті болып табылады.

Сондай-ақ, оқудың жайлы уақытын таңдай алу мүмкіндігі артықшылық емес, керісінше кемшілік болып шықты. Дистанционды оқу оқушының өз бетімен оқуына көп жауапкершілік артады, ондай оқуға үйренбеген бала әкешесінің көмегін сұрады. Өз кезегінде ата-аналар да күндіз өз жұмыстарымен айналысып, баланың сабақ оқуы, үй тапсырмасын орындауы көп жағдайда уақыттық коллапсқа алып келетіндей кешкі уақытқа қалып қойып отырды. Оның үстіне, кей жағдайларда барлық пән бойынша үй тапсырмасын орындау кешкі уақытқа қалып қойып отырды. Бұл оқушы үшін стресс болып шықты.

Дистанционды оқу кезінде, жоғарыда айтып кеткендей, оқушының өзіне үлкен жауапкершілік артады, оның өз бетінше оқу алуына, ізденуіне байланысты болды. Дегенмен, оған оқушы да, ата-анасы да дайын болмады.

Бақылаудың жайлы формалары қойылған бағалардың әділетсіздігін көрсетті. Яғни, үй тапсырмасын оқушының нақты өзі орындады ма, әлде оған туыстары көмектесті ме оны мұғалімге анықтау қиындау болды.

3. Техникалық мүмкіндіктер.

Дистанционды форматта оқудың ішіндегі ең көп тараған қиыншылықтарының бірі техникалық қамтамасыз етілу болып табылды. Халықтың экономикалық жағдайына байланысты көптеген отбасында компьютер болмады, қаладан алшақ ауылдарда интернет желісімен толық қамтамасыздандырылмағандықтан көптеген қиыншылықтар туындады. Оқушыларға смартфон арқылы оқуға тура келіп жатыр. Оның үстіне бірнеше мектеп жасындағы балалары бар отбасыларда оқу техникаларының жетіспеушілігі орын алды, яғни бір уақытта бірнеше баласына бір ғана оқу құралы жетпей жатты. Бұл өз кезегінде дистанционды оқу үрдісін толыққанды іске асыруға бөгет болды.

Ал математика сабағында мұғалім үшін оқушының өз қолымен есеп шығарғанын көру, сонымен қатар оқушыларға өз қолымен есептердің шығарылу жолын сөзбен түсіндірумен қатар, оны жазып көрсету өте маңызды. Бірақ техникалық тұрғыда мұғалім мен оқушыларда қажетті техника мен арнайы программалардың болмауы саласынан қиын болды.

4. Интернет ресурстары.

Математиканы қашықтықтан оқыту барысында мұғалімдер тек қана өздірінің материалдарын ғана қолданбай, интернет желісінде тараған (<https://classroom.google.com/>, <https://school.yandex.ru/lessons>, т.б.) видео-сабақтарды, дидактикалық материалдарды қолданды. Бір жағынан қарасан, бұл өте ыңғайлы көрінеді. Интернет желісінен өзіңнің тақырыбына сай материалды жүктейсің және оқушыларыңа жібересің, сондай-ақ интернет желісінен алынған материалдар арқылы мұғалім өзінің сабағын жан-жақты қыла алады, оның өтуін қызықты қыла алады.

Дегенмен, шын мәнінде бұл оқытушының бос уақытының көптен бөлігін алды. Өйткені, бұл видеолардың ішінен тақырыпты толық ашатын сапалы материалдарды іздеуге көп уақыт жұмсалады.

Қорыта айтқанда ашық онлайн-курсы отандық ұстаздар үшін оқытудың тиімділігін қарастыруымен тиімді әрі пайдалы болды. Қашықтан оқытудың ерекшеліктері мен түрлерін зерттеп, онлайн-сабақтардың оқу үдерісін жоспарлауды, оқу жетістіктерін бағалауды ұйымдастыруды үйрендік. Қашықтан оқыту қазіргі заман талабы болса, оны ұйымдастыруда педогог-ұстаздардың біліктілігі жоғары, зияткерлік және кәсіби деңгейі жоғары деңгейде дамыған болуы өте маңызды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2020 жылғы 1 қыркүйек. Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі
2. Вережкина А.А., Еремина Н.В. Использование дистанционных образовательных технологий на уроках математики [Текст] // Инновационные педагогические технологии: материалы II Междунар.науч. конф. (г.Казань, май 2015 г.). – Казань: Бук, 2015..

3. Леонтьев Б.Е. Введение в проблематику дистанционного обучения / Леонтьев Б.Е. – М.: Новый Издательский Дом, 2010.